

Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтті Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешимұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәлиқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джамбылбаулы

Ответственный секретарь:
Раушан Жәлікызы

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_32_4_134-144

ҒТАХР 03.20.00

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУЛЫҚ ҚАЙРАТКЕРІ ЫБЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ ЖӨНІНДЕ

Ш.Б. Тілеубаев 

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

Автор-корреспондент

E-mail: Shamek_09@mail.ru (Тілеубаев)

Аңдатпа. XX ғасырдың басында тарих сахнасына шығып ұлт мүддесіне қызмет жасаған алаштық зиялыларға байланысты кеңестік тарихнамада біржақты ұстаным болып, олардың еңбегі тар таптық тұрғыдан қарастырылып келді. Кеңестер Одағы ыдырап, еліміз егемендік алғаннан кейін ғана Алаш зиялыларының өмірі мен қызметі жөнінде жан-жақты зерттеулер жүргізіліп, ақиқат айтыла бастады. Алайда, Алаш қозғалысының жетісулық қанатының тарихы мен оған атсалысқан қайраткерлердің қызметі әлі де болса толық зерттеле қойған жоқ. Мақалада Алаш қозғалысының жетісулық қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың атқарған қоғамдық-саяси қызметінің кейбір аспектілері тың тарихи деректер негізінде талданады.

Жұмыста Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің архиві, Алматы облысының мемлекеттік архиві, Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің құжаттары және XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз материалдары пайдаланылды. Зерттеу отандық тарихнаманың соңғы жылдардағы ғылыми ұстанымдары мен методологиялық құралдарына негізделген.

Түйін сөздер: Алаш, Жетісу, қозғалыс, зиялы, Түркістан, жандармерия, тыңшы, көтеріліс, қайраткер, революция, трибунал.

О ЖЕТЫСУСКОМ ДЕЯТЕЛЕ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ ИБРАИМ ЖАЙНАКОВЕ

Ш.Б. Тлеубаев

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.

Корреспондирующий автор

E-mail: Shamek_09@mail.ru (Тлеубаев)

Аннотация. В советской историографии существовала односторонняя позиция в отношении алашской интеллигенции, вышедших на историческую арену в начале XX века и служивших национальным интересам, и их творчество рассматривалось с узкоклассовой точки зрения. Только после распада Советского Союза и обретения нашей страной независимости было начато всестороннее изучение жизни и деятельности алашской интеллигенции, и стала говоритьсь правда. Однако история жетысуского крыла движения Алаш и деятельность причастных к нему деятелей еще не до конца изучены. В статье на основе новых исторических источников анализируются некоторые аспекты общественно-политической деятельности жетысуского деятеля движения Алаш Ибраима Жайнакова.

В работе использованы документы Центрального Государственного архива Республики Казахстан, Центрального Государственного архива Республики Узбекистан, архива Департамента Комитета национальной безопасности Республики Казахстан по городу Алматы, Государственного архива Алматинской области, Государственного архива Российской Федерации и материалы

национальной печати начала XX века. Исследование базируется на методологическом инструментарии отечественной историографии и научных позиции последних лет.

Ключевые слова: Алаш, Жетысу, движение, интеллигенция, Туркестан, жандармерия, агент, восстание, деятель, революция, трибунал.

ABOUT THE ZHETYSU LEADER OF THE ALASH MOVEMENT IBRAIM ZHAINAKOV

Sh.B. Tleubayev

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty.

Corresponding author

E-mail: Shamek_09@mail.ru (Tleubayev)

Abstract. In Soviet historiography, there was a one-sided position regarding the Alash intelligentsia, who entered the historical arena at the beginning of the 20th century and served national interests, and their work was considered from a narrow class point of view. Only after the collapse of the Soviet Union when our country gained independence, a comprehensive study of the life and work of the Alash intelligentsia began, and the truth began to be spoken. However, the history of the Zhetysu branch of the Alash movement and the activities of the figures involved in it have not yet been fully studied. Based on new historical sources, the article analyzes some aspects of the social and political activities of the Zhetysu leader of the Alash movement Ibraim Zhainakov.

The article was written on the basis of documents and materials found in the funds of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan, the Central State Archives of the Republic of Uzbekistan, the archives of the Department of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan for the city of Almaty, the State Archives of the Almaty Region, the State Archives of the Russian Federation and materials of the national press at the beginning of the 20th century. The study is based on the methodological tools of domestic historiography and scientific positions of recent years.

Key words: Alash, Zhetysu, movement, intelligentsia, Turkestan, gendarmerie, agent, uprising, figure, revolution, tribunal.

Кіріспе. Бүгінгі таңда еліміздің жүріп өткен тарихи жолын объективті, идеологиялық конъюктурадан тыс көрінісін жасау тарихи жадымызды қайта қалпына келтірудің негізі, ұлттық сананы дұрыс қалыптастырудың, өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеудің аса маңызды факторы. Соған сәйкес отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі міндеттерінің бірі кезінде идеологиялық шектеулерге сәйкес біржақты баяндалған тарихи оқиғалар мен құбылыстарды, тарихтағы жеке тұлғалардың өмірі мен олардың атқарған сан-салалы қызметін тың деректік материалдар негізінде ұлттық мүдде тұрғысынан қайта зерделеуде маңызды болып табылады. Олардың қатарында Алаш қозғалысының тарихы да бар.

Советтік тарихтану алаштық ұстанымдағы ұлт зиялыларының қызметіне байланысты тарихи шындықты ашық әрі әділ айтуды мұрат тұтпай, қалай болғанда да оларды реакциялық бағыттағы әлеуметтік күш ретінде көрсетуді көздеді.

Алаш қозғалысына атсалысқан қазақ пен қырғыз зиялыларының қоғамдық-саяси және ағартушылық, т.б. қызметтері тарихына жан-жақты зерттеу жүргізіп, оны өркениеттілік тұрғыдан бағалау қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Алаш зиялыларының ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында атқарған жанкешті қызметін зерделеп шынайы тұрғыдан баға беру мүмкіндігіне отандық зерттеушілер еліміз егемендік алған тұста ғана ие болды және бірқатар тың зерттеулер жарық көрді. Дегенменде Алашқозғалысына қатысқан зиялылардың өмірі мен қызметі толықтай зерттеліп, ой елегінен өткізіліп зерделеніп бола қойған. Олардың қатарында Жетісу өңірінен шыққан қазақ зиялылары Ыбырайым Жайнақов, Қайсерке Тоқсанбаев, Иса Тергеусізов, Әубәкір Жақыпбаев, Базарбай Мәметов, Мырзахан Төлебаев, қырғыз зиялылары Ишаналы Арабаев, Дүр Саурамбаев,

Қасымбай Телтаев, Байзақ Мәмбетов, Мәмбетәлі Мұраталин, Аман, Исаметдин, Кемел Шабдановтар, т.б., зиялылар бар.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында архив қорларының тарихи құжаттық материалдары кеңінен қолданылды. Мысалы: Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің № И-44, 51 қорларының, Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің И-461-қорының, Алматы облысының мемлекеттік архивінің 348-қорының, Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің 1701-қорының және басқа да архив қорларының құжаттық деректері пайдаланылып талдаулар жасалды. Сонымен қатар тарихи дерек көзі ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көріп тұрған ұлттық баспасөз «Қазақ», «Еңбекші қазақ» газеттерінің материалдары да пайдаланылды.

Аталған мақаланы жазу барысында тарихи салыстыру және талдау әдістері мен тарихилық принциптері қолданылды. Сонымен қатар жазба дереккөзі ретінде ғылыми басылымдар мен құжаттық жинақтардың материалдары пайдаланылды және ғалымдардың тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектерінің материалдарына сілтемелер жасалынды.

Мақалада, зерттелуге алынған тұлғаның қызметі ол өмір сүрген кезеңдегі оқиғалар мен мәліметтер кешенді түрде сол заманмен байланыста қарастырылып, ұлттық құндылықтарға басымдық беріле отырып тәуелсіз елдің тарихи танымына сай талданды. Соның негізінде, қарастырып отырған тұлғаның тарихтағы орны, ұлтқа қызмет жасаудағы жанкешті еңбегі мен көрсеткен үлгісі, оның халықтың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-рухани өміріндегі алатын маңызы айқындалады.

Талқылау. Жоғарыда аталған тұлғалардың ішінде Алаш қозғалысының жетісулық қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың қызметін талдауға алсақ. Әрине, Ы. Жайнақов туралы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірқатар зерттеулерде айтылды. Олардың ішінде Алаш тақырыбын зерттеуге үлкен үлес қосып, алаштану саласын қалыптастырған аға буын тарихшы ғылымдар К. Нұрпейіс (Нұрпейіс, 1995: 256), М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2008: 480), Д. Аманжоловалар (Аманжолова, 1993: 137) бар. Кейінгі буынтарихшылар А. Махаева (Махаева, 2007: 276), К. Ильясова (Ильясова, 2003: 176), З. Төленова, Р. Оразов (Төленова, Оразов, 2019), Ш. Тілеубаев (Тілеубаев, 2002: 471), сондай-ақ Ү. Бүркітбаева, Ж. Қарабасов (Бүркітбаева, Қарабасов, 2020: 192) сияқты басқада зерттеушілер еңбектерінде ол жайында жазылған.

Зерттеу нәтижелері. Алдымен Ыбырайым Жайнақовтың туған жылы мен жасына байланысты кейбір мәселелерді анықтап алсақ. Архив қорларынан ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Жетісу өңірінің тарихына байланысты деректер іздестіру барысында құжаттарда жиі кездескен есімдердің бірі осы кісі еді. Ыбырайым Жайнақов туралы Қазақстан ұлттық энциклопедиясына 2002 жылы мақала жазғанда оның қай жылы туған екенін білмедім, маған кездеспеді (Тілеубаев, 2002: 471). Басқа зерттеушілердің еңбектерінде де айтыла қоймады. Сосын энциклопедияға туған жылы белгісіз деп берген болатынымын. Әрине, кейінірек оны анықтап, нақтылады және осы мақалада оны негіздеп беріп отырмыз.

Зерттеушілер арасында Ыбырайым Жайнақов туған жылына байланысты түрлі пікірлер бар. Бір зерттеуші оны 1884 жылы туған десе, енді екінші зерттеуші 1885 жылғы дейді. Ал Верный ерлер гимназиясындағы құжаттарында оны 1883 жылы Верный уезінің Үлкен Алматы болыстығында туылған деп көрсетіледі (АОМА, 35: 6-п.). Ал мен оны 1886 жылы дүниеге келген айтқым келеді. Оны қандай деректерге сүйеніп негіздеп отырмын, біріншіден Ыбырайым Жайнақовтың туу туралы куәлігі немесе метіркесі (метрика) болмаған, сондықтан оның қай жылы және қай күні туылғаны нақты тіркелмеген. Оның әкесі Жайнақ Қараталов баласы Ыбырайымды Верный ерлер гимназиясына оқуға берген кезде баласының жасын шамалап мына жылы туған деп айтқан немесе құжатты толтырғанда қате жазылуы да болуы мүмкін. Архив қорларындағы материалдармен танысу барысында Ыбырайым Жайнақов жайындағы да басқа да құжаттарымен қатар менің қолымаоның 1916 жылғы көтеріліске байланысты тергеуге берген жауабы да түсті. Онда ол өзінің жасын 30-да деп көрсетеді. Ал 1918 жылы Жетісу әскери революциялық трибуналының Тергеу комиссиясына жауабында жасы 32-де деп жазылған (АОМА, 35: 35 п.). Сонымен қатар жандармерия тыңшыларының құпия мәліметтерімен де танысқан едік. Олардың тыңшыларының 1911 жылы берген құпия мәліметтерінде Жайнақовтың жасы 25-те депжазады. Егер 1911-ден 1886-ны алсақ 25

болып шығады. Бұл жауаптар мен мәліметтер оның есейіп, елге қызмет жасап жүрген кезінде алынған және оның жасын осы кезге дейін дұрыс анықтап, нақтылаған деп ойлаймыз. Сондықтан да тергеуге берген жауаптарында жасын саналы түрде осылай көрсеткен. Осы деректерге сүйене отырып Ыбырайым Жайнақов 1886 жылы туылған деп айтуға негіз бар.

Енді Ыбырайым Жайнақовтың білімі туралы қысқаша тоқтала кетсек. Ол 1893-1902 жылдар аралығында Верный ерлер гимназиясында оқыған. 1901 жылдың 15 наурызында қатты сырқаттанып қалуына байланысты оқудан босатуын өтінеді. 1902 жылы 13 мамырында гимназияның педагогикалық кеңесінің шешімімен 7-класқа көшірілген. Осы жылы анасы Шолпан Жайнақова Верный ерлер гимназиясының директорына арыз жазып, оның дұрыстап емдеп, денсаулығын түзеу үшін оқудан шығарып алған.

1904 жылдың шілдесінде №1561 Қазан мал дәрігерлік институтының директорынан Ыбырайым Жайнақовтың оқуға қабылдау туралы өтініш бергеніне байланысты гимназияда білім алған мерзіміндегі жеке құжаттарын жіберуін сұраған Ол Қазан мал дәрігерлік институтына оқуға қабылданғанымен денсаулығына байланысты онда барып оқи алмайды (ҚР ОМА, 1657: 1-8 пп.).

Ы. Жайнақов денсаулығына қарамастан 1904 жылы Жаркент уездік басқармасының тілмашы қызметіне кірісіп, кейін Жетісу облысының әскери губернаторлығында тілмаштық қызмет атқарады. Оның ел мүддесін қорғап, ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы қызметі тілмаш болып жүрген кезінде басталған еді. Көзі ашық, көкірегі ояу жас жігіт сол тұста халық арасында болып жатқан түрлі қоғамдық іс-шараларға белсенді атсалысады

1910 жылы 21 қазанда Жетісу облысы қазақ-қырғыздары жасырын жиын өткізген. Бұл жиын орыс әскерлерінің Қоқандықтармен Ұзынағаш түбінде болған шайқастағы жеңісінің 50 жылдығын жергілікті әкімшілік орындарының салтанатты түрде атап өтуі кезінде ұйымдастырылған болатын. Осы салтанатты атап өтуге орыс халқының өкілдерінен басқа облыстағы қазақ және қырғыз халықтарының би-болыстары, манаптары мен атақты адамдары да шақырылған еді. Сол жиын кезінде Жетісудың жергілікті қайраткерлері Барлыбек Сыртанов пен Ыбырайым Жайнақов, Верный уезі Шамалған болысының басқарушысы М. Смаилов, сондай-ақ бұрын болыс болған, би Б. Әшекеев, Пішпек уезі Тынай болыстығының болысы Д. Сауранбаев, белгілі қырғыз манабы Ш. Жантаев және т.б. белсенді азаматтар жасырын түрде жиын өткізуді ұйымдастырғанды. Ұзынағаш съезі атанған қазақтар мен қырғыздардың 50 шақты өкілі қатысқан бұл жиын 21 қазан күні кешкісін Казанско-Богородский селосында өтеді. Онда қазақ-қырғыздардың отаршылдық саясат нәтижесінде бастан кешіп отырған тауқыметі талқыланып, жергілікті әкімшілік орындары тарапынан қазақ пен қырғызға жасалып жатқан қысымшылыққа орталық билік орындарының назарын бұру үшін Петербургке арнайы өкіл жіберу мәселесі қаралды. Көпшіліктің ұсынысы бойынша Петербургке жіберілетін өкіл ретінде Барлыбек Сыртанов белгіленді. Сондай-ақ съездің кезінде Б. Сыртановтың Петербургке баруы үшін деп 500 сом ақша жиналды. Мұндай қаржы съездің ұйғарымы бойынша облыстағы уездерден де жиналатын болып келісілді (ӨР ОМА, 1026: 26 п.).

Осыған орай Верный қаласындағы Іздестіру бөлімі Түркістан аудандық күзет бөліміне Б. Сыртановтың Петербургке баруына деп қазақ-қырғыз ауылдарында кімдердің қаржы жинап жатқандығын анықтау үшін өз тыңшыларына тапсырма бергенін хабарлайды. Іздестіру бөлімі тыңшыларының осы мәселе бойынша түсірген мәліметтеріне қарағанда Верный уезінде Ы. Жайнақовтың ұйымдастыруымен әр болыстан 100 сомнан жиналып, Б. Сыртановқа бұл қаржы тапсырылған. Сондай-ақ Пішпек және Пржевальск уезі қырғыздары әр болыстан 200 сомнан жинап, Петербургке Б. Сыртановпен бірге Д. Сауранбаевты да жібергелі жатқаны жайындатыншылар арқылы жергілікті әкімшілік орындарына мәлім болады (ӨР ОМА, 1026: 5-6 п.).

1910 жылы 26 желтоқсанда Верный қаласында Б. Сыртанов, Ы. Жайнақов және т.б. қазақ зиялылары бас қосып, Мемлекеттік думаға қазақ-қырғыздар атынан тапсырылатын талап-тілектерді талқыға салып, оның мәтінін құрастырған болатын. Қазақтар мен қырғыздар атынан тапсырылатын бұл талап-тілекте жер, оқу-ағарту, сот ісі және дін мәселелері қамтылды. Онда жер мәселесі бойынша қазақтар мен қырғыздар жерге орналасып болғанша Жетісу өңіріне орыс шаруаларын қоныстандыруды доғара тұру керектігі, оқу ағарту ісі бойынша қазақ-қырғыз балаларының ана тілінде білім алуына мүмкіндік беру және оқу ағарту ісін бүркемелеген орыстандыру саясатына тиым салу қажеттігі, сот ісі бойынша болыстардағы билер сотының өкілеттілігін кеңейту, дін

мәселесі бойынша Түркістан өлкесіндегі діни істердің жергілікті әкімшіліктің қарауынан алынуы, Түркістанда өз алдына бөлек мұсылмандық діни басқарма құрылып Жетісу облысы қазақ-қырғыздары соған қарау керектігі көрсетілген-ді (ӨР ОМА, 1026: 85-87 п.).

Бұл ұйымдастырылып жатқан істің бәрін жандармерия тыңшылар арқылы біліп отырған. Тыңшылардың мәліметі бойынша Ы. Жайнақовтың жасы 25-те, үйленген, әйелі - Айқульхаят Галиевна деп көрсеткен (ӨР ОМА, 1026: 148 п.).

Сол тұста жандармерияның «Қара» деп аталатын бүркеншік есімдегі тыңшысының Түркістан аудандық күзет бөліміне берген мәлімдемесінде Жетісу облысындағы қазақтар мен қырғыздардың саяси қозғалысына жетекшілік етіп жүрген қайраткердің бірі ретінде Ы. Жайнақовтың есімі аталады. Мұның өзі Ы. Жайнақовтың белсенді іс-әрекетінің отарлық билік тарапынан қатаң бақылауға алынғанын аңғартады.

Ы. Жайнақов М. Дулатовтың «Оян, қазақ» шығармасын Жетісу өңірінде насихатушылардың бірі болды. Оның атсалысуымен «Оян, қазақ!» Пішпек уезіндегі қырғыз ағайындарға да жеткен. Соған орай жандармерия тыңшылары өлкелік билік орнына «Империядағы көшпелі халықтың қазіргі уақыттағы жалпы жағдайын баяндайтын және оларды патша өкіметінен құтылуға үгіттейтін» шығарма қырғыздар арасында да тарады деген құпия мәлімет жіберген.

Троицк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналы төңірегінде топтасқан М. Сералин мен Б. Қаратаев бастаған қазақ зиялыларымен де Ы. Жайнақов хат алысып, қазақ қоғамында жерге байланысты туындаған мәселелері жайлы және Петербургте бүкіл ресейлік мұсылман съезін өткізу туралы ой бөлісіп тұрған. 1912 жылы 21 сәуірде М. Сералиннің Ы. Жайнақовқа жолдаған хаты полицияға тыңшылар арқылы мәлім болған. Соған орай полиция департаменті М. Сералинді Жетісу өңіріндегі қазақтарды қандай да бір іс-шара төңірегіне топтастырмақшы деп ойлайды. Осы себепті полиция департаменті Орынбор губерниялық жандарм басқармасы мен Түркістан аудандық күзет бөліміне М. Сералинмен байланыс жасап тұратын Ы. Жайнақов сияқты қайраткерлер туралы мәлімет жинауды және оларды соңынан қатаң бақылау орнатуды тапсырады.

Ы. Жайнақов 1916 жылы Жетісу облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарып жүрген кезінде Ресей патшасының 25 маусымдағы жарлығы шыққан болатын. Маусым жарлығы шыққаннан кейін ел арасында дүрбелең басталып, түсініспеушіліктер орын алды. Енді ғана тарих сахнасына шығып ұлт мүддесіне қызмет жасай бастаған қазақ зиялылары да енді не істемек керек, жағдайға байланысты халыққа не айпақпыз деп терең ойға берілгені жөнінде ол «біздің басымызды даң қылған, мыйымызды ашытқан, ұлы дағдарысқа қалдырған сұраулар осылар еді. Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмады» деп жазады. Бұл кезде қоғамда жарлыққа байланысты «тылдың қара жұмысына адам беру керек пе, керек емес пе» деген таңдау тұрды. Ал ұлт зиялылары екі жолдың қайсысын таңдаған жөн, қайтсек қалыптасқан жағдайда елді аман сақтап қаламыз деп қиналған болатын. Халық үшін де, зиялылар үшін де екі жолдың екеуі де оңай емес-ті. Нәтижесінде зиялылар «көну керек» деп екінші жолды таңдаған еді.

Ол таңдауға байланысты Алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінде 1926 жылы көтерілістің он жылдығына орай жазған «1916 жыл» атты мақаласында «Көнбе, берме» дейміз бе? Оның түбі не болады? Немізге сеніп, «көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз қайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге бол ма? Қиын-қыстау жерлерде жан қиысуға шыдай ма? «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Жұрттың көбі бас амандап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бишара қазақ көнбеймін десе, қор болмай ма? Көнгені дұрыс па екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен?»-деп жаны қиналғанын айтады (Дулатов, 1926: 5).

Сонымен қатар, М. Дулатов Ресейде ол кезеңде қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайлардың кейбіріне тоқталып халықтың үкіметке деген наразылығының күннен-күнге өрши түскенін, шаруашылықтың күйзеліп, жер-жерлерде жұмысшылардың ереуілдерінің көбейгенін, саяси партиялардың төңкерістен үміт артып тұрған шағы екенін айтып, бірақ оған сенімсіздікпен қарап, төңкеріс бола қалған жағдайда қазақ жұртын құрбандыққа қиюға дәттерінің шыдамағаны жөнінде «Бірақ ондай төңкеріс қашан болады? Қалай болады? Ондай төңкеріс бола қалғанда қазақ жұрты көнбей қарысып отырып, соған аман-есен жете ала ма? Бұған біздің көзіміз жетпеді. Төңкеріс

жолында қазақ жұрты құрбан болып-ақ кетсін деуге дәтіміз шыдамады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық – көну керек дедік.»-деп көрсетеді. Халық үшін де, зиялылар үшін де екі жолдың екеуі де оңай емес-ті. Нәтижесінде зиялылар «көну керек» деп екінші жолды таңдаған еді. Зиялылардың өйтпеске амалдары да жоқ еді, отарлық жағдайда өгей баланың күнін кешкендей өмір сүріп жатқан елді қайтсек аман сақтап қаламыз деген оймен «пішен шабатын, егін оратын кез келе жатыр» деген сияқты неше түрлі сылтаулар іздеп пұрсат сұрап уақыт оздыру керектігін айтып «Патшаның жарлығына қарсы емеспіз, бірақ қазақтың жәйі-күйі осындай өгей баланың өксігіндей сөздерге ғана ие болуға жарадық.»-деп жазады (Дулатов, 1926: 5 б.).

Осы тұста Ы. Жайнақовтың қайраткерлігі одан әрі шыңдала түседі. Жарлыққа байланысты өңірлерде наразылық туындаған кезеңдеол халықтың көтеріліске шықпау жағын қолдайды. Бұл арада алдымен мынаны айта кеткен жөн. 1916 жылғы 25 маусым Жарлығы шығып, халық наразылығы бұрқ ете түскенде мәселенің мән-жайын жақсы білетін қазақ зиялылары бірден жұртты ашуды тыйып, ақылға келуге шақырды. Өйткені олар қанша наразылық көрсеткенімен, күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан тегумен аяқталатындығы айқын болатын. Оның үстіне отаршыл жүйе мұндай сәтті қазақ қоғамындағы өзінің саяси билігін күшейтіп, орыс переселендеріне тағы да жаңа жерлер алып беру үшін пайдаланып кетуі мүмкін екендігін қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан да олар көтерілістің алғашқы күндерінен бастап халықты көтеріліске шықпауға шақырып ел арасында үгіт жұмыстарын жүргізген болатын. Ы. Жайнақовта осы ұстанымда болып халықтың көтеріліске шығып босқа қырылмауын, мәселені бейбіт түрде шешу қажеттілігін халыққа түсіндіріп, халықты ашуды қойып, ақылға келіп, сабыр сақтауға шақырады (ҚР ОМА, 98: 14 п.).

Ол 1916 жылдың 13 шілдесі күні Жетісу облысының әскери губернаторынан «қырғыздарға жоғары мәртебелінің Жарлығының мағынасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін» деп Верный қаласында Үлкен Алматы болыстығының басшы адамдарының кеңесін өткізуге рұқсат алып, 14 шілдеде ол кеңесті үйінің ауласында өткізеді (ҚР ОМА, 98: 19-20 шп.).

Ы. Жайнақов Жетісудағы көтерілістің қарсаңында қалыптасқан жағдайға байланысты Верный полицмейстеріне берген жауабында мынадай фактілерді келтіреді: «12 шілдеде Ыстық ата шипалы суынан оралған бетте жоғары мәртебелінің бұратаналарды соғыс жұмыстарына шақыруына байланысты Верный уезіндегі... қырғыздардың арасындағы толқу жөнінде естіп және соған дейін менің жерлестерім шенеунік Шегіров пен дәрігер Жақыпбаевтың жүргізген үгітінен ештеме шықпағанын біліп, мен 13 шілде күні облыстың әскери губернаторы мырзадан қырғыздарға жоғары мәртебелінің Жарлығының мағынасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін Верный қаласында үлкен Алматы облысының басшы адамдарының кеңесін еткізуге рұқсат алдым. 14 шілде күні шақырған адамдар келіп, менің үйімнің ауласында жиналыс өтті». Кеңеске жиналғандар екіге бөлініп, біразы Жайнақовтың басу айтуын дұрыс қабылдай Тоқаш Бокинді қолдаған.

Ы. Жайнақов өз көрсетуінде Тоқаш Бокиннің «Мұндай жауапты мәселені Үлкен Алматы болысының атқамінер жақсылары ғана шеше алмайды», «мұндай мәселені уездің бұқара халқы өкілдерінің кеңесінде ғана шешілуге тиіс» деген ұстанымда болғанын, ал оны 5-ші ауыл қазағы Сары деген кісінің қолдап, жиналысқа катысқан кісілердің біразының бұл екеуінің сөзіне қолдау танытқанын баяндайды. Тілмаш Шебалин Ы. Жайнақовқа Бокиннің өз аузынан «Қазақ зиялылары арасында өзара келісе алмаушылық бар» деген сөзді естігенін айтады. Ал келесі бір тілмаш Қайсерке Тоқсанбаев болса ел арасында Бокинге деген ризашылық сезім байқалады, «Міне, Тоқаш азамат, үміт сода, ал тілмаштар болса бірден-ақ қазақтарды кендіре салмақ ниеттері бар» (ҚР ОМА, 98: 14 п.) деген пікірді жеткізеді. Бұл жерден байқайтынымыз, көтеріліске қатысты қазақ зиялыларының арасында өзіндік көзқарастар мен ұстанымдардың барлығын көрсеткен еді. Жоғарыда айтқанымыздай Ы. Жайнақов халық көтеріліске шықпау жағын қолдап және сол бағытта әрекеттер жасаған болатын.

Осы тұста айта кету керек, өкінішке орай, Совет өкіметі орнаған соң большевиктік жүйе оларға әділетсіз айыптар тағып, Ы. Жайнақов сияқты ұлт қайраткерлерінің ел басына күн туған күрделі кезеңде жасаған таңдаулары мен атқарған жанкешті қызметтеріне әділетсіз баға берген еді. Ол кейін советтік кезеңнің тарихнамасынан да орын алып «алашордалықтар патша әкімшілігімен ауыз жаласты, халықтың мүддесін сатып кетті» деген т.б. айыптаулар тағылып, саяси қудалауға

ұшырағаны белгілі. Бұл негізсіз айыптаулар болатын. Алаштық ұстанымдағы зиялылар сол тұста қалыптасқан күрделі жағдайларға байланысты әрекет етіп, шешім қабылдаған-ды.

Мысалы, оған байланысты М. Тынышбаев ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «...мен 1916 жылғы қазақтар пен қырғыздардың патшалық билікке қарсы көтерілісін қолдамағаным – патшалық режимді жақсы көргеннен емес, қазақтар пен қырғыздар көтерілістен зардап шеге ме деген қорқыныштан.»-деп көрсетеді (ҚР ҰҚК АҚДА, 2370: 264-п.).

Көтеріліс тұсында қалыптасқан күрделі жағдайлар негізі М.Тынышбаевтың пікірлерінің дұрыстығын білдіреді. Ол 1917 жылы ақпанда Жетісудағы көтеріліске байланысты сот тергеуіне берген жауабында «Ташкентке жаңа келген генерал А.Н. Куропаткиннің қабылдауында бірінші рет (10 тамыз) болғаннан соң, мен Пішпек қырғыздарын жеделхат салып, оларды тынышталуға шақырдым»-деп көрсетеді (ҚР ОМА, 46: 401-410 пп.).

Алаш зиялыларына қарсы жасалған саяси репрессиялар барысында оларға ОГПУ тергеушілері 1916 жылғы көтеріліс туралы да сұрақтар қойылғанды. М. Тынышбаевтың көтеріліске байланысты айтқан ойына ұқсас пікірді Семей облысындағы Х. Ғаббасов та қолдап, 1929 жылы ОГПУ тергеушілеріне «мен қан төгуден басқа ештеме бермейтін көтерілісті болдырмауға әрекет жасаушылар жағында болдым» -деген жауап береді (ҚР ҰҚК АҚДА. 78754: 324-п.).

Ал, М. Дулатов тергеушілерге берген жауабында 1916 жылғы көтеріліс қарсаңында қалыптасқан жағдай жөнінде: «Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның мұндай халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылары және басқалары өз «үлестерін» қосты; ауыр салық, зорлық-зомбылық, парақорлық, өсек айту үйреншікті жағдайға айналды; қазақ әйелдері күң жағдайында өмір сүрді, ең құнарлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып беріліп, ал қазақтар болса шөлді-шөлейтті жерлерге ығыстырылды; патша өкіметі мектептер ашуға қамқоршы болудың орнына, қазақтарға өздері жинаған қаржыға да мектеп салуға тиым салды; ... Қазақ елі, міне, осындай түнекте ғұмыр кешті. Патша өкіметінің отаршыл саясаты гүлдеу шегіне жетті.» - деген пікір білдіреді (ҚР ҰҚК АҚДА. 011494: 98-99 пп.).

Бұл М. Тынышбаев айтқандай алаштық ұстанымдағы зиялылардың отарлық билікті жақсы көргенінен емес, сол тұстағы қалыптасқан сындарлы сәтте қайтсек елдің бірлігі мен тұтастығын сақтап қаламыз деп жанұшыра жасаған әрекеттері болатын.

Ұлт зиялыларының жүргізген үгіт-насихат жұмыстарына құлақ асып сабыр сақтай қоймаған халық көтеріліске шықты. Ал көтерілістің отаршыл жүйе тарапынан аяусызбасып-жаншылғаны белгілі, оның ішінде Жетісу облысындағы қазақ пен қырғыздарды асқан қатыгездікпен жаншылған болатын. Оккупациялық режимнің көтеріліске шыққан халыққа алдағы уақытта қарсылық көрсетпес үшін "сабақ беретіндей" етіп жүргізген репрессиялық шараларының нәтижесінде жетісулық қазақ пен қырғыз халықтары енді қайтып "ес жимамай" етіліп жазаланды. Салдарынан бауырлас екі халық босып Қытай аумағына өтуге мәжбүр болды. Босқын болып Қытай жеріне өту барысында бергі жағынан орыс әскері, арғы жақтан қытай әскері қыспаққа алып тағыда қырғынға салған еді. Қос империяның арасында қыспаққа түскен қазақ-қырғыздың бергі жақта қалғандары да, босып Қытайға өткендері де адам төзгісіз ауыр халде күй кешті. Осындай азып-тозып, тонаушылыққа тап болған жетісулық босқындарға қол ұшын беріп, құтқаруға ұмтылған алғашқылардың бірі болып қазақ пен қырғыздың оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу, озық ойлы ұлт зиялылары болатын. Олардың ішінде Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен қатар Ыбырайым Жайнақовта белсенді қызмет атқарды. Ы. Жайнақов босқын болған елге көмек ұйымдастырып, алаш жұртын ажал тырнағынан арашалап, ұлттың бірлігі мен тұтастығын сақтауда қайраткерлік көрсеткендердің бірі емес бірегейі болды.

1917 жылдың 28 наурызында Ы. Жайнақов Уақытша үкіметке 1916 жылғы көтеріліске қатысқан қазақтардың бір бөлігінің қайтып оралуына байланысты тәртіп сақтау туралы хабарлама жібереді. Хабарламада «жергілікті халықты әскери тылға жұмысқа тартудағы тәртіп бұзғандарды Түркістандағы мемлекеттік тәртіпті сақтау үшін, Торғай генерал-губернаторы Куропаткин Жетісу облысы Пржевальск уезіне қайта келуіне рұқсат етпеуін қажет деп танып... генерал Куропаткин Қырғыздарды Нарын ауданына қоныстандырып, ерекше уезд құру керек деп жобалайды. Көктем

басталысымен Қытайдан қайтқан қырғыздардың жергілікті орыс тұрғындарының наразылықтарын туғызуына байланысты генерал Куропаткиннің жеделхатына сәйкес әскери министрлік Уақытша үкіметтен осы сұрақ бойынша нұсқауын шұғыл түрде сұрауда» делінген. Яғни бұл Б. Жайнақовтың ел арасына алдын ала хабар беріп, дабыл қаққаны еді. Өйткені, Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаумның Генерал-Адютант Куропаткинге, көшірмесін генерал Ерофеевке, Округ штабына, Генерал-губернатор Кеңесіне жолдаған жедел хатында: «Өлке бойынша 220 нөмірлі бұйрықта айтылғандай, орыс қаны төгілген барлық жер бұратаналардың иелігінен алынатын болады. Мұндай әділ жаза орыс және бұратана тұрғындар тарапынан өте сергек қабыл алынды. Дегенмен нақты нұсқаулар қажет-ақ. Мәселен, Ыстық көлдің барлық жағасы, Кебен өңірі, Токмақ ауданындағы Александровскі жотасының солтүстік беті, Қастек бөлімшесінің өңірі, Қарқара өңірі орыс қанымен мол-ақ жуылды. Яғни, бұл айтылғандар осы кеңістік таяу арада қырғыздар үшін тыйым салынған өңірге айналды дегенді білдіреді ме? Менің пікірімше, дала қырғыздары жұмсағырақ жазалануы мүмкін, ал, бірақ Пішпек және Пржевальскі кара қырғыздарыш Токмақ өңірінен, Кебен өңірінен және Ыстық көл жағалауынан біржола кетірген жөн. 3293 нөмірлі. 18/IX – 1916 ж.» (ҚР ОМА, 19370: 1-п.).

Б. Жайнақов 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін елдегі әлеуметтік-саяси өзгерістерге де белсене араласты. Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы болып сайланып, 1917 жылы 12-23 сәуірде Жетісу облысы қазақтарының 1-съезін ұйымдастырып, оған Төрағалық жасады. Б. Жайнақов пен комитеттің Кеңесі мүшелері өкілдерінің талап-тілектерін тиісті орындарға уақтылы жеткізіп, істің өңірдегі қазақ және қырғыз халықтарының пайдасына шешілуіне қолдан келгендерінше аянбай қызмет етті. Түркістан комиссарларымен Пішпек, Пржевальскі уездеріне барған Б. Жайнақов жеделхат арқылы Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыздарды орналастыру, облыстық қазақ-қырғыз съездерінің қарарларына сай шешілгендігін Алматыға мәлімдеді. Қазақ-қырғызға қолайлы мұндай шешімді переселен мекемелерібасымдық беріп тұрғанда қабылдата алу Қазақ-қырғыз комитеттеріне оңайға түспегендігі айтпаса да түсінікті.

Б. Жайнақовтың қайраткерлік тұлғасы әсіресе аштық жайланған Ыстық көл қырғыздарына азық-түліктен көмек ұйымдастыру ісінде анық байқалған еді. Ол қырғыз зиялылары Қасым Телтаев және Мақсұт Солтаевтармен бірге Алматыдан Қарақолға бірнеше мәрте астық тиеген керуен ұйымдастырды. Өз уақытында бұл қырғыз халқына көрсетілген бауырлық көмектің нағыз өзі еді. Ол Жетісу облыстық қазақ комитетінің төрағасы Ибраһим Жайнақов және қырғыз зиялылары Қасым Телтаев, Мақсұт Солтаевтармен бірге кездескен қиындықтарға қарамастан аштыққа ұшыраған Ыстықкөл өңіріндегі қырғыз ағайындарға ат арбалармен бірнеше рет азық-түлік жеткізіп, басқада көптеген көмектер көрсетеді (Қазақ, 1917: 233.). Осы көмектері үшін И. Жайнақовқа қырғыз зиялысы, Алаш қозғалысының белсенді қайраткері Ишанғали Арабаев «Қазақ» газеті арқылы «Бишара қырғыз бауырдарыңды ұмытпаңдар» атты жолдаған хатында «тәңірі жарылқасын» айтып, алғыс білдіріп былай дейді: «...Бұл жақтағы босқын бейшаралардың халін алыстан жылап, Алаш деп аяныш күйімізге харекет қылып жатқан облыстағы алтын таяғымыз Ибраһим мырза Жайнақовқа біз Пржевал қырғыздары жаралы жүрегімізден тәңірі жарылғасын айтамыз һәм бүкіл киіз туырылықты қазақ баласынан бишара болған біз байғұстарға талай Жайнақовтар шығар деп үміт етіп, өлім халінде қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып, жәрдем сұраймыз! Комитет бастығы Ишанғали Арабаев» (Қазақ, 1917: 23.).

Б. Жайнақов 1916 жылғы көтерілістен зардап шеккен Жетісу облысының «бұратана» тұрғындарының шығындарын өтеу комиссиясының жұмысына да белсенді араласып, олардың мүддесін қорғап көмек көрсету жұмыстарына да атқарған болатын (ҚР ОМА, 34: 23-24 пп.).

Б. Жайнақов 1917–1919 жылдары Жетісу облысындағы ауыр саяси және экономикалық жағдайда өзін жергілікті халықтың мүддесі үшін қандай жағдай болса да аянбайтын айбатты қайраткер екендігін таныта білді. Ол басқарған Жетісу облыстық Қазақ комитеті, 1918 жылдан Алаш Кеңесі болып өзгерген басқарушы орган бүкіл қазақ елі көлемінде белсенділігімен танылған ұлттық билік бұтағы болды. Азамат соғысы жылдары ол Отыншы Әлжанов, Садық Аманжолов, Мырзахан Төлеубаев, Жұмахан Күдерин, Біләл Сүлеев сияқты алаш зиялыларымен бірге большевиктік билікке қарсы күрес ұйымдастырушылардың арасында болды.

Жетісуда большевиктік билік орнаған тұста, Ыбырайым Жайнақов 1918 жылдың 8-ші наурыздан 9-ына қараған түні Жетісу Алаш кеңесінің мүшесі Сатылған Сабатаев, Алашорланың орталық кеңесінің мүшесі Отыншы Әлжанов бірге большевиктердің Әскери революциялық трибуналының тарапынан қамауға алынып, тергеуге де түседі. Осы кезде оларға араша түсіп босатуды сұраған қазақ-қырғыз зиялыларының, мұсылман ұйымдарының жедел хаттары келеді. Кейіннен тергеу барысында істері қайта қаралып, тоқтатылады. Ы. Жайнақов Әскер революциялық трибуналының Тергеу комиссиясының қаулысы негізінде осы жылдың 24 сәуірінде босатылады (АОМА, 35: 1-51 ш.).

Ыбырайым Жайнақов 1919 жылы 17 наурызда Ұржар станциясында өткен Жетісу облыстық 3-ші сиезінде жасаған баяндамасында өңірде қалыптасқан күрделі кезеңнің қарсаңындағы мәселелерді айта келіп: «2) 1917 жылы бұрын болмаған қуаңшылықтың салдарынан астық пен шөптің шықпай қалуы, жұт болуы адамдарды аштыққа ұшыратты...3) әр түрлі індеттің таралуы онсызда ауыр жағдайды одан да қиындатып жіберді. ...1918 жылдың көктемінен бері өңірде жетісулық большевиктердің қожалық егуі, олардың халыққа жаппай қырғын салуы, тіптен әйел, бала-шағаға қарамай атуы, ондай әрекеттердің осы уақытқа дейін жалғасып жатқандығы, кей жерлерде халықты тонап, кейде тіпті мал-мүлікті жай ғана жоюы, басқада сорақылықтары бұл жағдайды одан әрі шиеленістірді, әлі де шиеленістіріп отыр...» - деп баяндайды (РФМА, 35: 38-39 ш.).

Большевиктер билік басына келіп, елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты Жетісудағы Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерімен бірге Ы. Жайнақов Қытайға қоныс аударып, сол жақтан большевик билікке қарсылық ұйымдастыру әрекеттерін қолдады.

1930-шы жылдары Советтік биліктің әлеуметтік-саяси реформаларының салдарынан босқыншылыққа ұшырап Қытай аумағына өткен қазақтарды жұмысқа орналастыруға жәрдем берді, шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын жүргізді, ашыққан қазақтарға көмек ұйымдастырған. Монғол-Күре ауданының басшысы қызметінде жүрген кезінде 1938 ж. 28 ақпан күні тұтқындалып, Гоминдан үкіметінің түрмесіне жабылды. Кейін баласы Омар Жайнақов әкесін 1941 ж. Үрімжі түрмесінен Семейге алып кеткенін Ғабди Сайболатов дегеннің аузынан естіген деген мәліметтер бар. бұл мәселе әлі зерттеуді қажет етеді. Ыбырайым Жайнақовтың бұдан кейінгі тағдыры беймәлім, қайтыс болған жері белгісіз.

Қорытынды. Ұлттың бірегейлігі мен тұтастығын сақтау жолында бар ынта-жігерімен аянбай қызмет атқарған Ыбырайым Жайнақовтың тағдыры осылай аяқталған еді.

Ыбырайым Жайнақов ХХ ғасырдың басында тарих сахнасына шығып Елдік мүддесіне қызмет жасаған, Алаш қозғалысына белсене араласқан жетісулық қайраткер еді. Оның туған халқын Ресей империясының отарлық қанауынан, одан соң өзегі Ресей болған советтік отарлық жүйесінен құтқарып, азаттық алып беруге ұмтылған қажырлы қайраткерлігі ұмытылмақ емес. Бүгінгі ұрпақ өткен тарихымыздағы ұлт зиялыларының атқарған қызметін, олардың елдің ертеңіне сіңірген еңбегін дұрыс ескерілгені жөн. Ел мен жердің тұтастығын сақтап, ұлтының болашағы үшін алаңдап ұлы мұраттарға жолында жасаған олардың еңбегіне тарихи объективтілік тұрғысынан лайықты әділ баға берілуі тиіс деп есептейміз. Ол өз кезегінде ұлт зиялыларының өмірі мен қызметінің идеологиялық конъюктурадан тыс көрінісі мен бейнесін жасап тарихи жадымызды қайта қалпына келтіретін, ұлттық сананы қалыптастыруға ықпал ететін, өскелең ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеудің аса маңызды факторларының бірі болмақ.

Алаш зиялыларымыздың жеке өмірі мен қызметін тереңірек зерттеу, олардың ішінде Жетісудағы Алаш қозғалысының белсенді қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың өмірі мен қызметінің жаңа қырларын ашу, оны қоғамға дұрыс жеткізу заман талабы деп білеміз.

Алғыс. Мақала: AP14872226 «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдыры мен мұрасы» жобасы аясында дайындалды.

Information about authors:

Tleubayev Shamek – Candidate of Historical Sciences, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan, Almaty. E-mail: Shamek_09@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0000>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

- Алаш азаматтарына. // Қазақ. –1917. – № 233.
Алматы облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 348-қор, 1-тізбе. 35-іс.
Аманжолова Д. Партия Алаш: история и историография: учебное пособие /Семипалатинский педагогический институт им. Шакарима. – Семипалатинск, 1993. – 137 с.
АОМА. 348-қор, 1-тізбе. 35-іс.
Арабаев И. Бишара қырғыз бауырдарыңды ұмытпаңдар. // Қазақ. –1917. – № 23.
Бүркітбаева Ү., Қарабасов Ж. Ыбырайым Жайнақов және «Алаштың» Жетісулық қайраткерлері. – Алматы: «Таугүл-Принт», 2020. –192 б.
Дулатов М. 1916 жыл. // Еңбекші қазақ. – 1926. – № 145.
ҚР ОМА, Р-9 қор, 1-тізбе, 34-іс.
ҚР ОМА. 51-қор, 1-тізбе, 98-іс.
Қазақ съездері: қаулы-қарарлары мен шешімдері (1917–1919 жж.). Құжаттар жинағы /Құрастырушы: К.М. Ильясова. – Қызылорда, 2003. – 176 б.
Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 94-қор, 1-тізбе, 1657-іс.
Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Бірінші кітап. /Өңделіп толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б. Суретті.
ҚР ОМА. 797-қор, 1-тізбе, 46-іс.
ҚР ОММ. И-44-қ., 1-тізбе, 19370-іс.
ҚР ҰҚК АҚДА. 6-қор, 011494-іс.
ҚР ҰҚК АҚДА. 6-қор, 78754-іс, 1-том.
ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің архиві (ҚР ҰҚК АҚДА). 6-қор, 2370-іс, 2-том.
Махаева А. Қазақ комитеттері. – Алматы, 1995.
Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ценные бумаги, 2007. – 276 б.
Нұрпейіс К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. –256 б.
Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨР ОМА). И-461-қ., 1-т., 1026-іс.
Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (РФ МА). 1701-қор, 1-тізбе, 35-іс.
Толенова З.М., Оразов Р.Е. История Алаш в судьбах исторических личностей (исторический образ Семиреченского деятеля алаш – Ыбырайыма Джайнакова) // Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay 5(4) 2019.
Тілеубаев Ш. Жайнақов Ыбырайым. // Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, 3 том. –Алматы, 2002.

REFERENCES:

- Alash azamattaryna [Alash citizens]. // Kazak. – 1917. –№ 233. [in Kazakh].
Almaty oblysynyn memlekettik arhivi (AOMA). F. 348, R.1, F. 35.
Amanzholova D. PartiyaAlash: istoriyaiistoriografiya: uchebnoeposobie [Alash Party: History and Historiography: textbook] /Semipalatinskiipedagogicheskiiinstitutim. Shakarima. – Semipalatinsk, 1993. – 137 p. [in Russian].
AOMA. F. 348, R. 1, F. 35.
Arabaev I. Bishara Kyrgyz bauyr daryndy umytpandar [Don't forget your Bishara Kyrgyz brothers] // Kazak. –1917. – № 23. [in Kazakh].
Bupkitbaeva Y., Karabacov Zh. Ybypaiym Zhainakov zhane «Alashtyn» Zhetisulyk kairatkerleri [Abraham Zhainakov and Zhetysu figures of "Alash"]. – Almaty: «Taugul-Ppint», 2020. –192 p. [in Kazakh].
Dulatov M. 1916 zhyly [1916]. // EnbekshiKazak. – 1926. – № 145. [in Kazakh].
KR OMA, F. R-9, R 1, F. 34.
KR OMA. F. 51, R. 1, F. 98.

Kazaksezderi: kauly-kararlary men sheshimderi (1917-1919 zhzh.) [Kazakh congresses: resolutions and decisions (1917–1919)]. Kuzhattar zhinagy /Kurastyrushy: K.M. Il'yasova. – Kyzylorda, 2003. – 176 p. [in Kazakh].

Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (KR OMA). F. 94, R. 1, F. 1657.

Koigeldiev M.K. Alash kozgalysy [Alash movement]. Birinshikitap /Ondelip tolyktyrylgan ekinshi basylymy. – Almaty: Mektep, 2008. – 480 p. Suretti. [in Kazakh].

KR OMA. F. 797, R. 1, F. 46.

KR OMM. F. I-44, R. 1, F. 19370.

KR UKK AKDA. F. 6, F. 011494.

KR UKK AKDA. F. 6, F. 78754, R. 1.

KR Ultyk kauipsizdik komitetinin Almaty kalasy boiynsha departamentinin arhivi (KR UKK AKDA). F. 6, F. 2370, Vol. 2.

Mahaeva A. Kazak komitetteri [Kazakh committees]. – Almaty, 1995. [in Kazakh]

Mahaeva A. Kazak-kyrgyz sayasi bailanystarynyn tarihy (XVIII gasyrdyn ekinshi zhartysy – XX gasyrdyn bas kezi) [History of Kazakh-Kyrgyz political relations (second half of the XVIII-early XX centuries)]. – Almaty: Cennyebumagi, 2007. – 276 p. [in Kazakh].

Nurpeiis K. Alashham Alashorda [Alash and alashorda]. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 p. [in Kazakh].

Ozbekstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik arhivi (OR OMA). F. I-461, Register. 1, F. 1026.

Resei Federaciyasynyn Memlekettik arhivi (RF MA), F. 1701, R. 1, F. 35.

Tolenova Z.M., Orazov R.E. Istoriya Alash v sud'ba historicheskikh lichnostei (istoricheskii obraz Semirechenskogo deyatelya alash – Ybyraiyma Dzhainakova) [The history of Alash in the destinies of historical figures (the historical image of the Semirechensk figure of Alash – Ybyrayym Dzhainakov)]. // Ulken Altai alemi – Mir Bol'shogoAltaya – World of Great Altay 5(4) 2019. [in Russian].

Tleubayev Sh. Zhainakov Ybyraiym [Abraham Zhainakov]. // Kazakstan Ultyk enciklopediyasy, 3 tom. – Almaty, 2002. [in Kazakh].

МАЗМҰНЫ

ӘДІСНАМАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ

А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов
 ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН «БАЛДЫРҒАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ МҰҚАБАСЫ
 КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ.....4

О.Х. Мұхатова
 ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ІСІ МЕНГЕРУШІСІ ҚОРЫНЫҢ (№ 19)
 ҚҰЖАТТАРЫН ҚҰПИЯСЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ.....15

ТАРИХ

Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадиров, А.Б. Бақытжанова
 ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА АУҚАТТЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫН
 ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ.....26

Б.А. Жүрсінбаев, Б.Т. Жұбанышов, Е.Қ. Серікбаев
 МӨДЕ ШАНЬОЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮРГІЗГЕН РЕФОРМАЛАРЫ.....44

К.М. Ильясова
 ТЕРГЕУ ПРОЦЕСТЕРІ:
 «АЛАШ ІСІ» МЕН «АҒАЙЫНДЫ ӘДІЛЕВТЕР ІСІНІҢ» САБАҚТАСТЫҒЫ.....57

С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков
 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТІНІҢ
 АУЫЛ ХАЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ РЕПРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫ.....73

Г.Б. Нарымбет, Ә.К. Шашаев, Д.Б. Жақаш
 ЕДІГЕ ЖЫРЫНДАҒЫ ТОҚТАМЫШ ХАННЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ.....84

А.Е. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев
 ЖӘДІЛЕРДІҢ МЕРЗІМДІ БАСҚАРУЛАРЫ
 ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚЫРҒЫЗСТАН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ.....95

З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина
 1980-ШІ ЖЫЛДАРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ
 ТУРҒЫДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....112

М.Р. Сәтенова
 КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМОВ ЖАСАҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ ЖҮЗ
 АУМАҒЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ САЯСАТЫ.....123

Ш.Б. Тілеубаев
 АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУЛЫҚ ҚАЙРАТКЕРІ
 БЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ ЖӨНІНДЕ.....134

Е.Е. Хайдаров
 ОРАЛ ОКРУГІНДЕГІ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ (1929 ЖЫЛ)
 (Жымпиты, Зауральный, Камен аудандары материалдары негізінде).....145

М.А. Шашаева, М.М. Қозыбаева

ХІХ-ХХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ» МӘСЕЛЕСІ.....160

АНТРОПОЛОГИЯ

А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев

ҚОЙБОТА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

(Алдын ала қорытындылар).....171

Р.С. Мусаева

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚИМА МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ:

ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....187

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

А.А. Бимолданова, М.Ж. Бекмагамбетова, Р.К. Бекмагамбетов
ОБЛОЖКА КАЗАХСКОГО ДЕТСКОГО ЖУРНАЛА «БАЛДЫРГАН»
КАК ОТРАЖЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОГО ОБЩЕСТВА.....4

О.Х. Мухатова
ПРОБЛЕМА КЛАССИФИКАЦИИ ДОКУМЕНТОВ ФОНДА ЗАВЕДУЮЩЕГО
ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОГО ДЕЛА СЕМИРЕЧЕНСКОГО РАЙОНА.....15

ИСТОРИЯ

Қ.Қ. Байсарина, Б. Токешкадиров, А.Б. Бақытжанова
КОНФИСКАЦИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ
В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ.....26

Б.Ж. Джурсунбаев, Б.Т. Жубанышов, Е.К. Серикбаев
МОДЭ ШАНЬЮЙ И ЕГО РЕФОРМЫ.....44

К.М. Ильясова
СЛЕДСТВЕННЫЕ ПРОЦЕССЫ: ВЗАИМОСВЯЗЬ СУДЕБНЫХ ДЕЛ
«АЛАШСКОЕ ДЕЛО» И «ДЕЛО БРАТЬЕВ АДИЛЕВЫХ».....57

С.С. Исмаилов, У.Т. Ахметова, Д.С. Беков
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА
В ОТНОШЕНИИ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В 1920-1930-е ГОДЫ.....73

Г.Б. Нарымбет, А.К. Шашаев, Д.Б. Жакаш
ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ ХАНА ТОХТАМЫША В ПОЭМЕ “ЕДИГЕ”.....84

А.Э. Кубатова, Ж.Р. Байдилдеев
ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ ДЖАДИДОВ И ИХ РОЛЬ
В ОБЩЕСТВЕННО-КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КЫРГЫЗСТАНА.....95

З.Г. Сактаганова, Г.М. Байгожина
ПРАКТИЧЕСКАЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ
В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1980-Х ГГ.....112

М.Р. Сатенова
ВОЕННЫЕ ДЕЙСТВИЯ ОТРЯДОВ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА
НА ТЕРРИТОРИИ СТАРШЕГО ЖУЗА И ПОЛИТИКА РОССИИ.....123

Ш.Б. Тлеубаев
О ЖЕТЫСУСКОМ ДЕЯТЕЛЕ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ ИБРАИМ ЖАЙНАКОВЕ.....134

Е.Е. Хайдаров
НАРОДНЫЕ ВОССТАНИЯ В УРАЛЬСКОМ ОКРУГЕ (1929 г.)
(на основе материалов Жымпитынского, Заурального, Каменского районов).....145

М.А. Шашаева, М.М. Козыбаева

ПРОБЛЕМА «ЖЕНСКОГО РАВЕНСТВА» В КАЗАХСКОЙ ПЕЧАТИ В XIX-XX ВЕКАХ.....160

АНТРОПОЛОГИЯ

А.А. Ергешбаев, А.Х. Шаяхметов, А.Б. Байтанаева, Е.Б. Байтанаев

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ГОРОДИЩЕ КОЙБОТА

(Предварительные итоги).....171

Р.С. Мусаева

ПОГРЕБАЛЬНЫЕ ПАМЯТНИКИ СРУБНОЙ КУЛЬТУРЫ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА:

ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ И КРАТКИЕ ВЫВОДЫ.....187

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

A. Bimoldanova, M. Bekmagambetova, R. Bekmagambetov
COVER OF THE KAZAKH CHILDREN'S MAGAZINE "BALDYRGAN"
AS A REFLECTION OF GENDER STEREOTYPES IN SOVIET SOCIETY.....4

O. Mukhatova O.
THE PROBLEM OF CLASSIFYING FUND DOCUMENTS
OF THE HEAD OF COLONIZATION AFFAIR IN SEMIRECHENSK AREA.....15

HISTORY

K. Baysarina, B. Tokeshkadyrov, A. Bakytzhanova
FARM CONFISCATION IN EASTERN KAZAKHSTAN
AND ITS HISTORICAL CONSEQUENCES.....26

B. Dzhursunbayev, B. Zhubanyshov, E.K. Serikbaev
MODE SHANYU AND HIS REFORMS.....44

K.M. Iyassova
INVESTIGATORY PROCESSES: THE RELATIONSHIP OF "THE ALASH CASE"
AND "THE CASE OF THE ADILEV BROTHERS".....57

S.S. Ismailov, U.T. Akhmetova, D.S. Bekov
THE REPRESSIVE POLICY OF THE SOVIET STATE TOWARDS
THE RURAL POPULATION IN THE 1920s AND 1930s.....73

G. Narymbet, A. Shashaev, D. Zhakash
THE HISTORICAL PERSONALITY OF KHAN TOKHTAMYSH IN THE POEM "EDIGE".....84

B. Kubatova, Zh. Baydildeev
PERIODICALS OF THE JADIDS AND THEIR ROLE IN SOCIAL
AND CULTURAL LIFE OF KYRGYZSTAN.....95

Z. Saktaganova, G. Baigozhina
PRACTICAL IMPLEMENTATION OF THE LANGUAGE POLICY
IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1980-S.....112

M.R. Satenova
MILITARY ACTIONS OF KENESSARY KASSYMOV'S DETACHMENTS
ON THE TERRITORY OF THE SENIOR ZHUZ AND THE POLICY OF RUSSIA.....123

Sh.B. Tleubayev
ABOUT THE ZHETYSU LEADER OF THE ALASH MOVEMENT IBRAIM ZHAINAKOV.....134

E.E. Khaidarov
POPULAR UPRISINGS IN THE URAL DISTRICT (1929)
(Based on materials from Zhymпитынский, Zaurалны, Kamensky districts).....145

M. Shashayeva, M. Kozybayeva

THE PROBLEM OF "WOMEN'S EQUALITY"

IN THE KAZAKH PRESS IN THE XIX-XX CENTURIES.....160

ANTHROPOLOGY

A.A. Ergeshbayev, A.K. Shaiakhmetov, A.B. Baitanayeva, Y.B. Baitanayev

ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE KOYBOTA SITE (Preliminary results).....171

R. Mussayeva

FUNERARY MONUMENTS OF THE TIMBER-GRAVE CULTURE

OF WESTERN KAZAKHSTAN: THE HISTORY OF STUDY AND BRIEF CONCLUSIONS.....187

Компьютерде беттеген
Зикирбаева В.С.

Редакцияның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«**edu.e-history.kz**» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.